

2010 жылы Казталов ауданында он жеті жасқа толатын ер жынысты азаматтарды шақыру учаскелеріне тіркеуді, өткізуді ұйымдастыру туралы

Күшін жойған

Батыс Қазақстан облысы Казталов ауданы әкімінің 2010 жылғы 11 қаңтардағы N 1 шешімі. Батыс Қазақстан облысы Казталов ауданы әділет басқармасында 2010 жылғы 17 ақпанда N 7-8-99 тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Казталов ауданы әкімінің 2010 жылғы 15 сәуірдегі N 15 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Казталов ауданы әкімінің 2010.04.15 N 15 Шешімімен.

Қазақстан Республикасының "Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" 2005 жыл 8 шілдедегі Заңының 17 бабының 3 тармағын, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін өзі басқару туралы" Заңының 33 бабын басшылыққа алып **ШЕШІМ ЕТЕМІН:**

1. Аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөліміне (келісім бойынша), 2010 жылдың қаңтар-наурыз айларында он жеті жасқа толатын ер жынысты азаматтарды шақыру учаскелеріне тіркеуді өткізу ұсынылсын.

2. Ауылдық округ әкімдеріне азаматтардың әскер қатарына шақыру учаскелеріне толық түрде келуін қамтамасыз ету тапсырылсын.

3. Аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі шақыру учаскелерінде тіркеу жұмысын ұйымдастыруға қоғамдық қызметкерлермен қ а м т а м а с ы з е т с і н .

4. Батыс Қазақстан облысының әкімдігі, Батыс Қазақстан облысының денсаулық сақтау департаментінің "Казталов ауданының Казталов орталық аудандық ауруханасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорныны (келісім бойынша) және Батыс Қазақстан облысының әкімдігі, Батыс Қазақстан облысының денсаулық сақтау департаментінің "Казталов аудандық ауруханасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнына (келісім бойынша);

1) тіркелгендерді медициналық тексеруден өткізу жөнінде жан-жақты ш а р а л а р а л у ;

2) тіркеу кезінде сырқат екендігі анықталғандарға емдеу жұмыстары жүргізу ұ с ы н ы л с ы н .

5. Аудандық ішкі істер бөліміне (келісім бойынша) тіркеу кезінде жергілікті учаскелік инспекторлардың жұмысын ұйымдастыру, шақыру учаскесінде тәртіптің сақталуын қамтамасыз ету ұсынылсын.

6. Аудандық қаржы бөліміне (Т. Мұқанов) 2010 жылға бөлінген қаражат

шегінде тіркеу жұмыстарына қаржы бөлу тапсырылсын.

7. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі және 2010 жылғы 5 қаңтардан бастап туындаған құқық қатынастарға таратылады.

8. Шешімнің орындалуына бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары С. Молдашевқа жүктелсін.

9. Аудан әкімінің 25 желтоқсан 2009 жылғы "1993 жылы туылған азаматтарды әскер қатарына шақыру учаскелеріне тіркеуді жүргізу және жастарды 2010 жылы міндетті әскери қызметке шақыруға даярлау туралы" N 68 санды шешімі жойылды деп танылсын.

Аудан әкімі
КЕЛІСІЛДІ:

Е. Қалиев

Аудандық қорғаныс істері
жөніндегі бөлім бастығы
Қабиров Ерлан Рысқалиұлы

_____ 11.01.2010 ж.

Аудандық ішкі істері
бөлімінің бастығы
Бисенов Бектас Бересұлы

_____ 11.01.2010 ж.

Батыс Қазақстан облысының
әкімдігі, Батыс Қазақстан
облысының денсаулық сақтау
департаментінің "Казталов
ауданының Казталов орталық
ауданыдық ауруханасы"
мемлекеттік коммуналдық
қазыналық кәсіпорнының
директоры

Магзомов Зейіл Жокенұлы

_____ 11.01.2010 ж.

Батыс Қазақстан облысының
әкімдігі, Батыс Қазақстан
облысының денсаулық сақтау
департаментінің "Казталов
ауданыдық ауруханасы"
мемлекеттік коммуналдық
қазыналық кәсіпорнының
директоры

Рабаев Есенгелді Байзоллаұлы

_____ *11.01.2010 ж.*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ